

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасында Қауіпті әскери қызметті болдырмау туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 1 тамыз N 857

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Коса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай

Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қауіпті әскери қызметті болдырмау туралы келісімнің жобасы макулдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Мұхтар Қапашұлы Алтынбаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Келісім мәтініне қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасында Қауіпті әскери қызметті болдырмау туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасына Үкіметі мен  
Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы  
Қауіпті әскери қызметті болдырмау туралы  
КЕЛІСІМ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі (бұдан әрі Тараптар деп аталатын) өздерінің тату көршілік, достық қарым-қатынастарын қолдауға және дамытуға, екі ел қарулы күштері арасындағы өзара сенім білдіру мен ынтымақтастықты нығайтуға ұмтылыстарын растай отырып,

егемендік пен аумақтық тұластықты өзара құрмет тұту, Тараптар мемлекеттерінің ішкі істеріне араласпау, тең құқық және өзара сенім білдіру қағидаттарын негізге ала  
о т ы р ы п ,

қауіпті әскери қызметтен, жанжалдардан туындастын қауіпті әскери қызметті болдырмау және оларды тиісті бейбіт құралдармен шешу қажеттігіне сенім білдіре

о т ы р ы п ,

1996 жылғы 26 сәуірде қол қойылған Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы Шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы келісімді Z960057 негізге ала отырып,

бейбіт уақытта олардың бір-біріне жақын жерлерде қызметін жүзеге асыруы кезінде өз қарулы құштері қызметшілерінің (техникасының) қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үмтыла отырып, төмендегілер туралы келісті:

### 1-бап. Терминдер мен айқындаамалар

Осы Келісімде мынадай терминдер мен айқындаамалар пайдаланылады:

1. "Қауіпті әскери қызмет" адамдардың құрбан болуына немесе екінші Тарап мемлекетінің материалдық шығындарына әкеліп соқтыруы немесе Тараптар мемлекеттері арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуіне әкеліп соқтыруы мүмкін күтпеген жағдайларға байланысты немесе абайсыз жасалатын, бейбіт уақытта шекара ауданындағы Тараптар қарулы құштері қызметшілерінің (техникасының) іс-қимылын б і л д і р е д і .

2. "Қарулы құштер": Қазақстан Республикасы үшін - Қазақстан Республикасының Қарулы Құштері мен өзге де әскери құралымдарын; Қытай Халық Республикасы үшін - Қытай Халық Республикасының Халық-азаттық армиясы мен өзге де әскери құралымдарын б і л д і р е д і .

3. "Қызметшілер" Тараптар мемлекеттері қарулы құштерінің кез келген әскери қызметшісін немесе қызметшісін білдіреді.

4. "Техника" Тараптар мемлекеттері қарулы құштерінің кез келген кемесін, ұшағын немесе жер бетінде жүретін құралын білдіреді.

5. "Кеме" Тараптар мемлекеттері қарулы құштерінің кез келген жауынгерлік кемесін немесе көмекші кемесін білдіреді.

6. "Ұшақ" ғарыштық аппараттарды қоспағанда, Тараптар мемлекеттері қарулы құштерінің кез келген әскери ұшу аппаратын білдіреді.

7. "Жер бетінде жүретін құрал" Тараптар мемлекеттері қарулы құштерінің құрлықта пайдалануға арналған кез келген техникасын білдіреді.

8. "Лазер" электрондардың, атомдардың немесе молекулалардың мәжбүрлі сәуле шығаруына негізделген инфрақызыл немесе ультракүлгін диапазондардағы кез келген қарқынды когерентті жоғары бағытталған электромагнитті сәуле шығару көзін б і л д і р е д і .

9. "Ерекше назар аударылатын аудан" қарулы құштердің қызметшілері (техникасы) орналасқан, жанжал туындауы неғұрлым ықтимал немесе ондай жағдай орын алған және Тараптар ол жерде осы Келісімге сәйкес шараптар қабылдайтын, Тараптар өзара

айқындағыны

ауданды

білдіреді.

10. "Басқару жүйесіне кедергі жасау" Тараптар мемлекеттері қарулы күштерінің қызметшілеріне (техникасына) басшылық жасауды қамтамасыз ететін дабылдар және ақпараттар беру құралдары мен жүйелерінің жұмыс істеуін қыннадатын, тоқтататын немесе шектейтін іс-қимылдарды білдіреді.

11. "Күтпеген жағдайлар" көзделуі немесе қандай да бір іс-шаралармен алдын алу мүмкін емес төтенше жағдайларды білдіреді. Мәселен, авариялық жағдайлардан, тиісті қызметшілер мүшесінің науқастануынан немесе табиғи апатты құбылыстардан туындаған жағдайлар.

12. "Жауынгерлік атыстар" Тараптар мемлекеттері қарулы күштерінің атыс қаруынан, зенбірекten оқ атуын, зымыран ұшыруын білдіреді.-

13. "Азаматтық халық" шекара аймағында тұратын және Тараптар мемлекеттері қарулы күштерінің құрамына кірмейтін кез келген азаматтық адамды білдіреді.

14. "Объектілер" Тараптар мемлекеттері қарулы күштерінің техникасы болып табылмайтын ғимаратты, құрылыстарды, байланыс құралдарын, көлікті, ауыл шаруашылығы қызметінің объектілерін және азаматтық мақсаттағы инфрақұрылымның басқа да объектілерін білдіреді.

## 2-бап. Қауіпті әскери қызметті болдырмаудың негізгі қағидаттары

1. Тараптар осы Келісімді іске асыруда тұрларі осы Келісімнің 3-бабында айқындалған қауіпті әскери қызметті болдырмауды басты мақсат деп санайды.

2. Тараптар мемлекеттері қарулы күштерінің қызметшісі өзара қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүддесімен олардың бір біріне жақын жерде жүзеге асыратын қызметі кезінде сақтық танытуы қажет.

3. Тараптар мемлекеттері қарулы күштерінің қызметшілері қауіпті әскери қызметті және әскердің қунделікті қызметі (әскерлердің қозғалысы, оқу, жауынгерлік атыстар, ұшақтардың ұшуы және т.б.) барысында туындастын салдарларды болдырмау үшін тиімді қауіпсіздік шараларын алдын ала қабылдайды.

4. Қауіпті әскери қызметтен болатын жанжалдар туындаған жағдайда Тараптар күш көрсетуді немесе оны қолдануды болдырмай, олардың таралмауын және тоқтатуды қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдайды және мұндай жанжалдарды консультациялар арқылы шешеді.

## 3-бап. Қауіпті әскери қызметтің тұрлары

Өзара қауіпсіздік мүдделерінде Тараптар мемлекеттері қарулы күштерінің қызметшілері қауіпті әскери қызметтің мынадай тұрларін болдырмауға бағытталған қажетті шараларды алдын ала қабылдайды:

1. Бір Тарап мемлекетінің қарулы құштері қызметшілерінің (техникасының) күтпеген жағдайларға байланысты немесе басқа да абайсыз себептер бойынша жасалатын екінші Тарап мемлекеті аумағының шегіне кіруі.

2. Тараптардың бірі лазерді, оның сәуле шығаруы екінші Тарап мемлекетінің қызметшілеріне, азаматтық халқына, техникасы мен объектілеріне зиян келтіруі мүмкін етіп қолдануы.

3. Ерекше назар аударылатын аудандағы екінші Тарап мемлекеті қарулы құштері қызметшілерінің (техникасы) іс-қимылдының екінші Тарап мемлекетінің қызметшілері мен азаматтық халқына зиян келтіруі не оның техникасы мен объектілеріне нұқсан келтіруі мүмкін болатындай қындауы.

4. Екінші Тарап мемлекетінің қызметшілері мен азаматтық халқына зиян келтіруге не техникасы мен объектілеріне нұқсан келтіруге әкеп соғатындай басқару желілеріне кедергі жасау.

#### 4-бап. Екінші Тарап мемлекеті аумағының шегіне кіру кезіндегі іс-қимыл тәртібі

1. Егер күтпеген жағдайларға байланысты немесе басқа да абайсыз себептер бойынша бір Тарап мемлекеті қарулы құштерінің қызметшілері (техникасы) екінші Тарап мемлекеті аумағының шегіне кіруі мүмкін немесе кірген болса, онда осындай жағдайды бірінші анықтаған кез келген Тарап мемлекеті қарулы құштерінің қызметшілері:

а) байланыс орнату және қалыптасқан жағдайдың мән-жайлары туралы екінші Тарап мемлекеті қарулы құштерінің қызметшілерін хабардар ету үшін күш-жігер жұмсайды;

б) тиісті нұсқауды сұратады (береді).

2. Бір Тарап мемлекеті қарулы құштерінің қызметшілері екінші Тарап мемлекеті аумағының шегіне кіруі мүмкін немесе кірген болса, онда қалыптасқан жағдайға қарай кіруді жүзеге асырған қызметшілер (техниканы басқарушы қызметшілер) кіруді болдырмау немесе аумақты тастап шығу немесе екінші Тарап мемлекеті қарулы құштерінің қызметшілері белгілелеген орынға бару үшін шаралар қабылдайды.

3. Қызметшілер белгіленген орынға келісімен оларға:

а) елшілік жанындағы әскери атташе аппаратымен немесе өз елінің консулдық әкіметімен мүмкіндігінше жылдам байланысуына мүмкіндік беріледі;

б) болуының тиісті жағдайлары жасалады және техниканың сақталуы қамтамасыз етіледі;

в) олардың аумақ шегінен шығуын жеңілдету мақсатында олардың техникасын жөндеуге, сондай-ақ мүмкіндігінше қысқа мерзімде аумақты тастап шығуды жүзеге асыру на көмек көрсетеді;

г) қызметшілерінің болуы, техниканың сақталуы мен жөнделуі жөніндегі шығыстар, сондай-ақ қызметшілерінің (техниканың) мемлекет аумағы шегінен шығуын қамтамасыз етумен байланысты қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстар қызметшілері (техникасы) екінші Тарап мемлекеті аумағының шегіне кірген Тарап қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

#### 5-бап. Лазерді қолдану кезіндегі іс-қимыл тәртібі

1. Бір Тарап мемлекеті қарулы күштерінің қызметшілері екінші Тарап мемлекеті қарулы күштерінің қызметшісіне (техникасына) жақын жерде бола тұра лазер қолдануға ниеттенсе және бұл қолдану екінші Тарап мемлекетінің қызметшілеріне және азаматтық халқына зиян келтіретін болса не қарулы күштер техникасы мен объектілеріне нұқсан келтіретін болса лазер қолдануға ниеттенген Тарап мемлекеті қарулы күштерінің қызметшісі ол туралы екінші Тарап мемлекеті қарулы күштерінің тиісті қызметшілерін хабардар ету үшін алдын ала шаралар қолданады. Кез келген жағдайда лазер қолдануға ниеттенген Тарап мемлекеті қарулы күштерінің қызметшілері тиісті қауіпсіздік шараларын қабылдайды.

2. Егер Тараптардың бірі қарулы күштерінің қызметшілері екінші Тарап мемлекеті қарулы күштерінің қызметшілері лазер қолдануы оған немесе азаматтық халықта зиян келтіруі не оның техникасы мен мемлекет объектілеріне нұқсан келтіруі мүмкін деп санаған жағдайда, ол осындағы қолданысты тоқтату мақсатында екінші Тарап мемлекеті қарулы күштерінің қызметшілерімен байланыс орнату және хабардар ету үшін алдын ала шаралар қабылдайды. Егер осындағы хабарлама алған Тарап мемлекеті қарулы күштерінің қызметшісі лазерді хабарламада көрсетілген ауданға жақын жерде нақты қолданған жағдайда, ол тиісті мән-жайларды анықтауды жүргізеді. Егер оның лазерді қолдануы екінші Тарап мемлекеті қызметшілеріне, азаматтық халқына, техникасы мен объектілеріне нақты зиян келтіруі мүмкін болса, ол осындағы қолдануды тоқтады.

3. Лазер қолдану туралы хабарлама осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын осы Келісімге қосымшада көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### 6-бап. Ерекше назар аударылатын аудандардағы іс-қимыл тәртібі

1. Тараптардың әрқайсысы қауіпсіздіктің неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз ету мүдделерінде екінші Тарапқа кез келген ауданды ерекше назардағы аудан ретінде айқындау туралы уағдаласуды ұсынуы мүмкін.

Уағдаласуышы Тарап осы ұсыныстармен не келіседі, не бас тартады. Тараптар келіскең жағдайда олардың арасында келісім жасалады.

2. Айқындалған ерекше назардағы ауданда болатын Тарап мемлекеті қарулы күштерінің қызметшілері осы Келісімнің қосымшаларына сәйкес байланыс орнатады

және оны қолдайды, сондай-ақ осындай қызметтің салдарынан туындауы мүмкін қауіпті әскери қызметті болдырмау және кез келген жанжалды реттеу үшін кейінрек Тараптар келісуі мүмкін кез келген басқа да шараларды алдын ала қабылдайды.

3. Тараптың әрқайсысы айқындалған ерекше назар аударылатын ауданға қатысты уағдаластықтың қолданылуын тоқтатуға құқылы. Осы құқықты пайдалануға ниет білдірген Тарап екінші Тарапқа осындай уағдаластықтың қолданысын тоқтату күні мен уақытын қоса алғанда, осындай ниеті туралы уақтылы хабарламаны осы Келісімнің 9-бабының 3-тармағында көзделген байланыс арнасы бойынша береді.

7-бап. Басқару желілеріне кедергі келтіруді тоқтату үшін іс-қимыл жасау тәртібі

1. Бір Тарап мемлекеті қарулы күштерінің қызметшілері екінші Тарап мемлекеті қарулы күштерінің қызметшісіне (техникасына) жақын жерде бола тұрып, оған және азаматтық халқына зиян келтіруі немесе оның техникасы мен объектілеріне нұқсан келтіруі мүмкін, өздерінің басқару желілеріне кедергілерді анықтағанда, егер ол осы кедергілер осы Тарап мемлекеті қарулы күштерінің қызметшілерінен (техникасынан) болған деп жорамалдаса, ол туралы екінші Тарап мемлекеті қарулы күштерінің тиісті қызметшілеріне хабарлайды.

2. Егер осындай ақпаратты алған Тарап мемлекеті қарулы күштерінің қызметшілері осы басқару желілеріне кедергілер шынында да оның іс-қимылышынан туындағанын анықтаған жағдайда, ол осындай кедергілерді тоқтату мақсатында дереу алдын ала ш а р а л а р қ а б ы л д а й д ы .

8-бап. Жауынгерлік атыстар жүргізу кезінде  
іс - қимыл жасау тәртібі

1. Жауынгерлік атыстарды жүргізетін Тарап мемлекеті қарулы құштерінің қызметшілері екінші Тарап мемлекетінің аумағына оқтардың, снарядтардың, зымырандардың кездейсоқ түсүіне және оның қызметшілеріне, азаматтық халқына, техникасы мен объектілеріне нұқсан келтіруге жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

2. Егер бір Тарап мемлекеті қарулы күштерінің қызметшілері екінші Тарап жүргізетін жауынгерлік атыстар оның қызметшілеріне, азаматтық халқына, техникасы мен обьектілеріне нұқсан келтіргенін анықтаған жағдайда, онда ол бұл туралы екінші Тарапты хабардар ету үшін алдын ала шаралар қабылдайды.

3. Жауынгерлік атыстарды қайта жүргізу қауіпті әскери қызмет нәтижесінде туындаған нұқсан өтелгеннен кейін және тиісті қауіпсіздік шаралары қабылданғаннан соң жүзеге асырылады.

9 - бап. Ақпарат алмасу тәртібі

1. Осы Келісімнің ережелерін орындау мақсатында Тараптар мемлекеттерінің қарулы күштері осы Келісімге Қосымшада көзделгендей байланысты орнатады және қ о л д а й д ы .

2. Тараптар мемлекеттерінің қарулы күштері осындай қызметтің салдарынан туындауы мүмкін қауіпті әскери қызметтер немесе жанжалдар туралы, сондай-ақ осы Келісімге қатысты басқа да мәселелер бойынша тиісті ақпаратты уақтылы алмасады.

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы осы баптың 2-тармағында көрсетілген ақпаратты Қазақстан Республикасындағы Қытай Халық Республикасының Елшілігі жанындағы әскери атташе аппараты арқылы береді. Қытай Халық-азаттық армиясының Бас штабы осындай ақпаратты Қытай Халық Республикасындағы Қазақстан Республикасының Елшілігі жанындағы әскери атташе а п п а р а т ы а р қ ы л ы б е р е д і .

10-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Осы Келісім Тараптардың арасында қолданылып жүрген басқа да келісімдер мен үағдаластықтар бойынша олардың құқықтары мен мекемелерін қозғамайды.

2. Осы Келісім қандай да бір үшінші Тарапқа қарсы бағытталмаған. Егер осы Келісімнің қолданыс аясына жататын жанжал бір Тараптың көршілес елі аумағының шегінде болса, онда бұл Тараптың осы елмен тиісті шаралар қабылдауға қатысты консультация жүргізуге құқығы бар.

3. Осы Келісімнің қолданыс аясына жататын қауіпті әскери қызмет нәтижесінде туындаған зиянды өтеу халықаралық құқықтың жалпыға бірдей қабылданған қағидаттары мен нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

11-бап. Кездесулер және консультациялар

1. Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап бір жылдан кешіктірмей Тараптардың өкілдері оның ережелерін іске асыру, сондай-ақ өз қарулы күштерінің қауіпсіздігін неғұрлым жоғары деңгейде қамтамасыз етудің ықтимал жолдарын қарастыру үшін к е з д е с е д і .

2. Бұдан әрі осындай кездесулер, егер қажет болған кезде Тараптар шұғыл кездесулер өткізуді келіспесе, екі жылда бір рет өткізілетін болады.

12-бап. Осы Келісімнің күшіне енүі

1. Осы Келісім оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді Тараптардың орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді. Осы Келісімнің оған қосымшасымен бірге қолданысын Тараптардың бірі бұл туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлағаннан кейін алты айдан соң токтата алады.

2. Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді. Көрсетілген хаттамалар осы Келісім үшін көзделген тәртіппен күшіне енеді.

3. Осы Келісімнің ережелерін тусіндіру немесе колдану кезінде даулар

мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды өзара консультациялар және келіссөздер арқылы шешеді.

200 жылғы " " қаласында әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі данада жасалды және барлық мәтіннің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

# Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін

## Қытай Халық Республикасының Үкіметі үшін

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен

Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қауіпті әскери қызметті болдырмау туралы келісімге қосымша

Байланыс орнату және оны қолдау тәртібі

1. Осы Келісімді жүзеге асыру мақсатында Тараптар мемлекетінің қарулы күштері,  
кәжет болған кезде мыналардың:

а) ерекше назар аударылатын ауданда болатын тиісті қолбасшылар;  
б) тиісті кемелердің, ұшақтар экипаждарының, жер бетінде жүретін құралдардың, құрлық бөлімдерінің немесе бөлімшелерінің командирлері\*;

в) бір Тарап ұшақтары экипаждарының командирі мен екінші Тарап мемлекетінің әуе қозғалысын басқару және бақылау пункттерінің командирлері арасындағы байланысты орнату және оны қолдау үшін барлық жағдайы қамтамасыз етеді.

\* командир - кемеге, ұшаққа, жер бетінде жүретін құралдарына, құрлық бөлімдеріне немесе бөлімшелеріне қолбасшылық етуге уәкілетті адамды білдіреді

2. Радиобайланыс орнату мақсатында жағдайға қарай мынадай жиіліктер пайдаланылады:

а) Тараптар мемлекеттерінің ұшақтары арасында не бір Тарап мемлекетінің ұшақтары мен екінші Тарап мемлекетінің әуе қозғалысын басқару және бақылау пункттерінің арасында - УҚТ диапазонында 128,5 МГц немесе 124,0 МГц жиілігінде не ҚТ диапазонында 7390,0 кГц (5040,0 кГц - қосалқы) жиілігінде; алғашқы байланысты орнатқаннан кейін жұмыс алмасуы 128,5 МГц не 7390,0 кГц жиілігінде жүзеге асырылады;

б) Тараптар мемлекеттерінің шекара кемелері арасында және шекара кемесі мен жағалау арасында - УҚТ диапазонында 48,6 МГц немесе ҚТ диапазонында 4500,0 кГц жиілігінде;

в) бір Тарап мемлекетінің шекара кемесі мен екінші Тарап мемлекетінің ұшағы арасында - УҚТ диапазонында 121,5 МГц немесе 243 МГц жиілігінде; алғашқы байланысты орнатқаннан кейін жұмыс алмасуы 124,0 МГц жиілігінде жүзеге асырылады;

г) жер бетінде жүретін құралдар немесе Тараптар мемлекеттері қарулы

куштерінің құрлық бөлімшелері арасында - УҚТ диапазонында 46,1 МГц (47,9 МГц - қосалқы) жиілігінде немесе ҚТ диапазонында 4503,0 кГц (6915,0 кГц - қосалқы) жиілігінде;

д) УҚТ диапазонында радиобайланысты жүзеге асыру кезінде амплитуда немесе жиілік модуляция әдісі қолданылады; ҚТ диапазонында жоғары бүйірдегі белдеу қолданылады.

3. Байланыс орнату үшін мынадай шақыру белгілері қолданылады:

Қазақстан Республикасының  
кемесі - "monarch" (монарх)

Қазақстан Республикасының  
ұшағы - 56110

Қазақстан Республикасының әуе

Қытай Халық Республикасының  
кемесі - "secret" (секрет)

Қытай Халық Республикасының  
ұшағы - 70310

Қытай Халық Республикасының

қозғалысын басқару және бақылау пункті - brigadier (бригадир)	әуе қозғалысын басқару және бақылау пункті - volcano (жанарту)
Қазақстан Республикасының күрлік бөлімі немесе бөлімшесі - factor (фактор)	Қытай Халық Республикасының күрлік бөлімі немесе бөлімшесі - carat (карат)

---

4. Тараптар радиобайланыстың болмауы олардың қауіпті әскери қызметі нәтижесінде жанжалға тартылған қарулы құштері қызметшілері (техникасы) үшін қауіп-катерді ұлғайтуға қабілетті екенін мойындайды. Осында жанжалға қатысатын Тараптар мемлекеттері қарулы құштерінің қызметшілері:

а) екінші Тарап мемлекетінің қызметшілерімен радиобайланысты орнату мүмкін болмаған жағдайда немесе радиобайланыс болғанымен, түсінісу мүмкіндігі болмаған жағдайда осы Қосымшаның Қосымша белгілер кестесінде қамтылған белгілердің көмегімен байланысты жүзеге асыру жөнінде күш-жігер жұмсайды;

б) екінші Тарап мемлекеті қарулы құштерінің қызметшілерімен байланыс орнату мүмкін болмаған жағдайда өз қарулы құштерінің басқа да бөлімдерімен байланыс орнатуға алдын ала шаралар қабылдайды, ал олар, өз кезегінде жанжалды шешу мақсатында екінші Тарап мемлекеті қарулы құштерінің қызметшілерімен байланыс орнату жөнінде шаралар қабылдайды.

5. Тараптардың кемелері арасындағы байланыс және кеме мен жағалау арасындағы байланыс 1965 жылғы Халықаралық белгілер жиынтығында көзделген белгілер мен сөз тіркестерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Ұшақтар арасындағы байланыс ұстап алушы және ұстап алғынған әуе кемесі үшін белгіленген және 1944 жылғы Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенциясының (Чикаго конвенциясы) 2-қосымшасында (Ұшу ережесі) қамтылған белгілер мен сөз тіркестерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Қосымша ретінде осы Ереженің Қосымша белгілер кестесінде қамтылған белгілер мен сөз тіркестері пайдаланылуы мүмкін.

6. Тараптар мемлекеттері қарулы құштерінің ұшақтары өздерінің

арасында көрінетін байланысқа түскенде, олардың экипаждары 128,5 МГц немесе 124,0 МГц жиілігін тыңдайды. Егер ұшақ экипаждарына ақпарат алмасу қажет болып, бірақ ортақ тілде байланыс орнату мүмкін болмағанда, онда осы Қосымшаның 5-тармағында көрсетілген сөз тіркестерін немесе көрінетін белгілерді пайдалану арқылы негізгі ақпаратты беруге немесе берілген нұсқауларды қабылдағанын раставуға әрекет жасайды.

## Қосымша белгілер кестесі

1. Сіз біздің Күндіз және түнде: "Close to Клоус Ұсталынатын мемлекеттік ұстаушы ұшақ ұстап territory" төратори ұшақ мемлекеттік шекарадан аумағымызға алынатын ұшақпен тікелей қатар бағытта қауіпсіз бұрылыш кетеді жақындықтасыз аралықта, бір қанаттан екінші қанатқа тербе.

леді, бірдей уақыт аралығында аэронавига. циялық оттармен сирек жыптықтауды орындайды содан соң көлденен жазықтықта екі жағына да ұшу сыйығынан шамамен 100 бұрылыш. тармен бірнеше рет "ирелендеуді" орындауда

2. Сіз біздің Күндіз және тұнде: "Territory Тәрітори Ұсталынған ұшақ мемлекеттік ұстаушы ұшақ ұстап entered" әентэрд ұстап алушы аумағымыздың алынатын ұшақпен қатар ұшақтың шегіне бағытта қауіпсіз нұсқауымен кірдіңіз аралықта, бір қанаттан жүреді екінші қанатқа тербе.

леді, бірдей уақыт  
аралығында аэронавига.  
циялық оттармен сирек  
жыптықтауды орындайды,  
бір мезгілде бір  
қанаттан екінші қанатқа  
шайқалады, содан соң  
көлденең жазықтықта  
ұсталынатын үшақ жағына

15-200 қигаштықпен  
айналуды орындаиды.  
Жақындасу аса сақтық,  
пен, бірақ қанаттардың  
өрісінен жақын емес,  
10-15 метрлік биіктікте  
төмендеумен немесе  
жоғарылаумен жүзеге  
асырылады. Ұсталынған  
ұшақ белгі алғанын  
растаганға дейін немесе  
радиобайланыс орнатыл.  
ғанға дейін қайталансын

3. Маған қону Күндіз және түнде: "Request Риквэст Ұстап алушы  
қажет ұшақ аэронавигациялық landing" Лэндинг ұшақ ұсталын.  
оттармен жиі қайталана. ған ұшаққа  
тын жыпықтауларды көмек  
орындаиды және бір қорсетеді  
қанаттан бір қанатқа  
тербелे отырып, бір мезгілде жағылған  
шамдарын шығарады, одан  
кейін тік жазықта  
"ирелендеуді" баяу  
орындаиды

4. Радиобай. Күндіз де түнде де "Radio Рэдио Сұратушы ұшаққа,  
ланысты жиілікте немесе МГц-те kontakt" контакт кемеге, әуе  
— МГц, немесе байланыс орнату мүмкін қозғалысын  
— МГц- емес, ұшақ бір қанаты. басқару және  
жиілікте нан екінші қанатына бақылау пункті.  
орнатуды тербеле отырып, не осы сөз  
сұраймын аэронавигациялық оттарын тіркесі белгі.  
ұзақ және қысқа сінің қабылда.  
жыпықтауларды кезек- нұы расталады.  
кезек үзіксіз орындаиды Байланыс орна.  
тылғаннан кейін  
радиобайланысты  
жүзеге асыру  
үшін МГЦ жиілі.

5. Менің Жоқ  
ұшағым  
сіздің  
кеменізге \_\_  
МГц немесе \_\_  
МГц жиілігінде  
радиобайланыс  
орнатуды  
ұсынады
- гіне көшу керек  
"Radio Рэдио Ұшақ пен кеме  
contact" контакт осы сөз тірке.  
сін алмасу  
жолымен радио.  
байланыс орна.  
тады, екеуі де  
радиобайланысты  
жүзеге асыру  
үшін МГЦ жиілі.  
гіне көшеді
6. Мен Жоқ  
өзімнің  
басқару  
желілерімде  
қауіпті  
кедергілер  
денгейін  
байқаймын  
(сөз тіркесі  
орнатылған  
жиілікте  
беріледі)
- "Stop Стоп Мән-жайлар  
interference" интерфирэнс анықталады және  
қажет болған  
жағдайда қауіп.  
ті кедергілер  
туғызатын кез  
келген іс-  
қимылдар  
тоқтатылады
7. Мен Жоқ  
жоспарлаған  
лазерді  
қолдану осы  
ауданда -  
қауіп  
тудыруы  
мүмкін  
(сөз тіркесі  
байланыс  
орнату  
жиілігінде  
беріледі)
- "Laser Лэйзер Қызметшілерге,  
danger" дэнджер азаматтық  
халықта зиян  
немесе техника.  
ға нұқсан келтіру.  
ді болдырмау  
үшін тиісті  
шаралар  
қабылданады
8. Мен қауіпті Жоқ  
лазерлік
- "Stop Стоп Мән-жайлар  
laser" лэйзер анықталады

сәулелендіру  
денгейін  
байқаймын  
(сөз тіркесі  
байланыс орнату  
жиілігінде  
беріледі)  
және қажетті  
жағдайда  
қызметшілерге,  
азаматтық  
халыққа зиян  
немесе техника  
мен объектілер.  
ге нұқсан  
келтіруі мүмкін  
лазердің кез  
келгенін  
қолдану  
тоқтатылады

---

Мамандар:  
Қобдалиева Н.М.  
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК